

ЦИКЛОГРАММА
 Бірінші апта 30.04.03-05.05. 2018 жс.)
 №12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы «Гүлдер»

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру				
	Дидактикалық ойын : «Қандай түсті зат»	Үстел үсті ойыны – пазл: «Дұрыс әрекетті тап»	Саусақ ойыны: «Менің отбасым»	Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр»	Дидактикалық ойын: «Лото»
Доппен орындалатын жаттығу					
Таңғы ас	Көркем сөз: Сылдырайды мөлдір су, Мөлдір суға қолды жу. Тазалықтың досы – Су дегенің осы. Ойын- жаттығу: Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білміміз				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	№3.19 “ Қуыршақты киіндір” ойын шарты: үстел үсті ойналатын дидактикалық	№3.12 “ Жануарлар не береді?” ойын мақсаты: жануарлардың адамға не беретінін	№3.14«Ұзын-қысқа» Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.	№5.17«Кім тез табады?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін, зейіндерін дамыту. Шарты: Текшеде	№5.11 «Тапсырманы орында» Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-

	<p>куыршақты киіндіріп оның кай мезгілгі сәйкес киінгенін айтады .</p>	<p>айтып сипаттай алуға дағдыландыру.</p>	<p>Ойынның жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.</p>	<p>отбасы суреттері көрсетілген суреттерді көрсету. Балалар текшеде бейнеленген отбасы мүшесін жылдам айтады.</p>	<p>жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, он қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: . Баяу қарқынмен жүру және жүгіру. Басына қап қойып, бастың дұрыс қалпын сақтап, жіп бойымен жүру. Ұсақ заттарды бір қолымен алысқа лақтыру.</p> <p>Барысы: 1. . Баяу қарқынмен жүру және жүгіру. 2.Ж.Д.Ж. 3. Негізгі жаттығу. Басына қап қойып, бастың дұрыс қалпын сақтап, жіп</p>	<p>Дене шынықтыру. Мақсаты: Жұптасып ырғақпен және жеңіл жүру мен жүгіру. Ұсақ заттарды бір қолымен алысқа лақтыру. Бір-біріне допты домалату.</p> <p>Барысы: 1. Жұптасып ырғақпен және жеңіл жүру мен жүгіру 2.Ж.Д.Ж.-доппен 3.Негізгі жаттығулар Ұсақ заттарды бір қолымен алысқа лақтыру. Бір-біріне допты домалату. 4. Қ.О. №1.9 «Тышқан</p>	<p>ҚҰМҚ Мақсаты: Бір-бірінен түрлі кашықтықта орналасқан заттар тобының арасында теңдік пен теңсіздік орнату қабілеттерін дамыту. Геометриялық пішіндердің пішінін сипап-сезу және көру тәсілдері арқылы анықтау.</p> <p>Барысы 1.Жұмбақ жасыру 2. Сиқырлы қапшық ойыны 3. Теңдік теңсіздік тапсырмаларын орындау 4.Сергіту сәті</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеуге сәйкес ырғақты жүру, қолдарын еркін ұстап алдыға және артқа жеңіл жүгіру. Бір-біріне допты домалау. Допты еденге ұрып жоғары лақтыру және оны секіргеннен кейін қос қолмен қағып алу.</p> <p>Барысы: 1. Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеуге сәйкес</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Мақсаты: Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері туралы білімін кеңейту. Халық өнеріне, Қазақстанда өмір сүретін халықтардың мәдениетіне қызығушылығын дамыту. Қазақ халқының салттарына, дәстүрлеріне бейімдеу.</p> <p>Барысы: 1. Балалармен әңгіме ұйымдастыру. 2. Тапақтар жаттау. 3.Сергіту сәті</p>

<p>бойымен жүру. Ұсақ заттарды бір қолымен алысқа лақтыру. 4.Қ.О. №1.14 «Қақпаға дәлдеп тигіз» Қортындылау</p> <p>Жаратылыстану. Мақсаты: Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру; топтағы балаларды атымен атауды үйрету; «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту.</p> <p>Барысы: 1. Балалармен әңгіме ұйымдастыру. 2. Барық бала өз отбасы жайлы әңгіме айтады Видео. 3. Д.О. «Бізге кім келгенін тап» 4. Сергіту сәті Қортындылау</p> <p>Музыка. Мақсаты: Балаларға</p>	<p>аулаушы» Қортындылау</p> <p>Құрастыру Мақсаты: Балаларды қалдық материалдардан бұйым жасауға баулу. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану дағдыларын бекіту.</p> <p>Барысы: 1. Шаттық шеңбер 2. Сұрақ-жауап 3. қалдық материалдан бұйым жасау әдісін қолданамыз. 4. Д.О. №3.19 «Көп және біреу» 5. Сергіту сәті Қортындылау</p> <p>Вариативтік компонент Мақсаты: Ертегіні үн таспадан тыңдау арқылы балалардың ой-қиялын жетілдіру, шығармашылық қабілетін шыңдау. Ертегіні көлеңке театры арқылы қою.</p>	<p>5. Қортындылау</p> <p>Музыка. Мақсаты: Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту.</p> <p>Барысы: Ән тыңдау: «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев, Ф. Оңғарсынова) Ән айту: «Достық» (И. Нүсіпбаев, Е. Елубаев) Музыкалық ырғақты қимыл: «Қазақ биі» Аспапта ойнау: «Бипыл»</p>	<p>ырғақты жүру. қолдарын еркін ұстап алдыға және артқа жеңіл жүгіру. 2. Ж.Д.Ж.-доппен 3. Негізгі жаттығулар: Бір-біріне допты домалату. Допты еденге ұрып жоғары лақтыру және оны секіргеннен кейін қос қолмен қағып алу. 4. Қ.О. №1.18 «Допты кім алысқа лақтырады?»</p> <p>Көркем әдебиет. Мақсаты: Балаларға өздерінің достары жайлы, олардың тартымды қылықтары мен неліктен өзін баурайтындығы жайлы әңгімелету. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Барысы 1. Балалармен шағын әңгіме жүргізу 2. Сұрақ-жауап. (Видео)</p>	<p>4. Д.О. №2.7 «Шапалақта» Қортындылау.</p> <p>Сурет салу Мақсаты: «Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Жеңіс мерекесіне арнап сурет салу. Үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Барысы: 1. Жұмбақ жасыру 2. Балалармен шағын әңгіме жүргізу 3. қазақы ою-өрнектердің элементтерін пайдалану 4. Д.О: №4.14 «Қандай түс» Қортындылау.</p> <p>Вариативтік компонент. Мақсаты: а) Асықпен таныстыра отырып, асық ойындарымен таныстыру. ә) Бірнеше асық ойындарын ойнау арқылы балалардың қызығушылықтарын</p>
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p>біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту.</p> <p>Барысы Ән тыңдау: «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев, Ф. Оңғарсынова) Ән айту: «Достық» (И. Нүсіпбаев, Е. Елубаев) Музыкалық ырғақты қимыл: «Қазақ биі» Аспапта ойнау: «Бипыл»</p>	<p>Барысы: 1. Жұмбақ жасыру. 2. Сұрақ-жауап. 3. «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін айтып беру 4. Сергіту сәті 5. Қортындылау</p>		<p>3. Сергіту сәті 4. Мақал жаттау. Қортындылау.</p> <p>Мүсіндеу. Мақсаты: Заттардың құрылымының пропорцияларын сақтауға және илеудің, бөліктерді қосудың тәсілдерін үйретуді жалғастыру.</p> <p>Барысы 1. Балалармен әңгіме ұйымдастыру. 2. Д.О. №4.1 «Түсіне қарай орналастыру» 3. Саусақ жаттығуы 4. Домалату әдісі бойынша жұмыс жасау 5. Қортындылау</p>	<p>дамыту. б) Асық ойындарын дұрыс ойнай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Барысы: 1. Шаттық шеңбер 2. Жұмбақ жасыру 3. Мультфильм көрсету 4. Сұрақ жауап 5. Қорытынды</p>
Серуен:	<p>1. Бақылау. 1. Бақылау: Көктеректің бүршігіне бақылау жасау. Мақсаты: Балалар балабақша ауласында көптеген ағаш түрлері бар екенін білу. Көктерек</p>	<p>1. Бақылау: Жаңбырдың жауғанын бақылату Мақсаты: Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін</p>	<p>1. Бақылау: Балабақша ауласының тазалығын бақылау. Мақсаты: тазалыққа, әсемдікке баулу. 2. Қимылды ойындар: «Кім шапшаң?» «Ұтып ал» Мақсаты: Ептілікке баулу 3. Еңбек. Телімдегі қағаз</p>	<p>1. Бақылау: Күннің көзін бақылау. Мақсаты: Көктемгі күннің қызуы туралы білім бере отырып, оның қарлар мен мұздарды ерітіп жатқанын бақылауға үйрету. Күн сәулесінсіз табиғаттың өмір сүре</p>	<p>1. Бақылау. Аспанды бақылау. Мақсаты: Аспандағы бұлттардың пішіндерін бақылату арқылы қиялыңзейінін дамыту. Олардың неге ұқсайтынын сұрау арқылы білімдерін толықтыру. 2. Қимылды ойындар:</p>

	<p>ағашы-ның бұтақтарындағы бүршіктерін қарайық. Бай-қаған өзгерістерін әңгімелеу.</p> <p>2. Қимылды ойындар: «Торғайлар мен автомобиль» «Мысық пен тышқан» Мақсаты: шапшаңдыққа</p> <p>3. Жеке жұмыс: 3-4 балаға ағаштардың пайдасы туралы айтуға үйрету.</p> <p>4. Еңбек: Топ алаңын сыпырту арқылы еңбекке тәрбиелеу.</p> <p>5. Жұмбақ жасыру: Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясында ән салып, Құстар, жүрген сайрап.</p>	<p>көсету. Ақ жауын ба, нөсер ме? Айыра білуге баулу.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр», «Жасырынбақ» Мақсаты: шапшаңдыққа</p> <p>3. Жеке жұмыс: Жұмбақ шешуге үйрету. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың.</p> <p>4. Еңбек. Телімдегі қағаз, коқыстарды жинау</p> <p>5. Көркем сөз: Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр. Арық суы мол болсын. Өсімдіктер көп болсын. Жауған жерің шөп болсын</p>	<p>және ағаш қалдықтарын</p> <p>Мақсаты: Еңбек сүйгіштікке, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: 1-2 балаға балабақша туралы өлеңдерін қайталату, әңгімелету. Балабақша базарлы үй, Көшедегі ажарлы үй. Шаттығы мол шуақты, Өз үйіміз сияқты.</p> <p>5. Көркем сөз. Тазалық-денсаулық кепілі. (мақал)</p>	<p>алмайтындығы туралы түсінік беру.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Ептілікке баулу</p> <p>3. Жеке жұмыс: 1-2 балаға жерге күннің суретін салуды үйрету.</p> <p>4. Еңбек. Ойын алаңындағы коқыстарды жинау.</p> <p>5. Көркем сөз: Күн жылынып, қар еріп, Сай-салаға толады. Бөбектерім айтындаршы, Бұл қай кезде болады? Көктем.</p>	<p>«Мысық пен тышқан», «Қуыспақ».</p> <p>Мақсаты: Ептілікке баулу.</p> <p>3. Жеке жұмыс. Жұмбақ жаттату. Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (күн).</p> <p>4. Еңбек. Жапырақтарды жинау.</p> <p>5. Көркем сөз: Бұлтқа - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерет.</p>
--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын-әрекеті. Киімдерін әдемілеп жинап жәшіктеріне салып қоюға баулу. Өз-өздеріне қызмет жасау.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Ойын- жаттығу: Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмиміз				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Шынықтыру шарасы. Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру. Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Үстел барысында дұрыс отыру.				

Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкенші» «Дені саудың жаны сау» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, орындықтың шетінен ұстап, қолмен тартылып еңбектеу.	Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. Төреханға ермексазды илеу әдісін көрсету	Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. Шамасы әртүрлі 2-3 затты (ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастыру	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика Тепе-теңдікті сақтап бөрене үстімен жүруді үйрету (Ерасыл Нұрасыл)	Сюжеттік-ойын «Дәрігер» ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; Балаларға жеңіс күніне арналған түсініктерді бекіту.
	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем»(сурет қарастыру) Мақсаты: карапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру Табиғаты таза ұстау Мақсаты: баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Көктем айының мерекелері Мақсаты: карапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Аналарымызға қандай сыйлық сыйлаймыз», « 8наурыз кімдердің мерекесі?» және т.б.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Психологтің кеңесі: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Кеңес: Балалардың тәрбиесі үйден басталады.

Менесеріні: Б.Б. Баранова п.б.